

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі оның ведомствосының, аумақтық бөлімшелерінің қатысуға құқығы бар мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс хабарландыруы

Барлық ішкі конкурс қатысушыларына арналған ортақ біліктілік талаптар:

С-О-4 санаты үшін: жоғары білім.

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-5, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

4) өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқан судьяларды қоспағанда, судья лауазымында қызмет өтілі алты айдан кем емес;

5) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде орталық немесе облыстық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

6) жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда №14939 тіркелген, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы

Санат	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
С-О-4	109898	148301

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы ММ, 050010 Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 15, анықтама үшін телефондар: 8(727)397-55-66, факс: 8 (727) 3975226, электрондық мекен-жайы e-mail: kvknalmaty@mail.ru, «Б» корпусының бос

мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс жариялайды:

1. Аумақтағы тамақ және биологиялық қауіпсіздігі бөлімінің басшысы, (С-О-4 санаты), 1 бірлік

Функционалдық міндеттер:

Бөлімнің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларының қызметін нақты және толық анықтап үйлестіруді және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын нысандарда (объектілерде) ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру; мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға жататын жүктерді тасымалдаған (ауыстырылған) кезде қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ветеринариялық санитариялық ережелердің (талаптардың) сақталуына бақылауды жүзеге асыру; эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс- шаралардың, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмысын, басқа мемлекеттерден(ге) әкелінген (әкетілген) жануарларға карантин қою жөніндегі ветеринариялық шараларды басқа бөлім мамандарымен бірлесе отырып уақтылы орындалуын қадағалауын және бақылауын жүргізу; бөлімнің атқарылған жұмыстары туралы ақпараттарын уақтылы дайындалуын, жоғарғы тұрған органдарға және мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға бағынышты қызметтерге беріп отыруын қадағалау; лауазымды, заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласында заңнамаларын, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы басқа да құқықтық және нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының және Алматы қаласының Бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының қаулыларын, өкімдерін орындайды; адам және жануарларға ортақ аурулардан тұрғындарды қорғауды қамтамасыз ету жөнінде санитарлық-эпидемиологиялық және басқа да күзретті органдармен өзара жұмысты үйлестіру; ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды өткізуіне бақылауды жүзеге асыру; жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық мониторинг жүргізу, эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеу; жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болған жағдайда аумақты аймақтарға бөлуді ұйымдастыру және үйлестіру; жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және жойылуы жөніндегі ветеринариялық шараларды ұйымдастыру; биологиялық қауіпсіздік мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау.

Ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Ветеринария саласында білімі жоғары.

Тиісті санатқа арналған мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тестілеу бағдарламасымен көзделген Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясын осы санаттағы нақты лауазымның мамандығына сәйкес салаларындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдерді қамтиды.

Ішкі конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу Қағидасының 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш ;

2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы

жарияланған күннің келесі жұмыс күнінен бастап 3 жұмыс күннің ішінде, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 15 мекен жайы бойынша ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясына.

Ішкі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекен жайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы немесе "е-қызмет" интегралды ақпараттық жүйесі арқылы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясына құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде **e-mail:kvknamaty@mail.ru** электрондық почтасына не "E-gov" электрондық үкімет порталы немесе "е-қызмет" интегралды ақпараттық жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны әңгімелесуге кандидаттарды жіберу туралы оларды хабардар еткен күннен бастап **үш жұмыс күн ішінде** «ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы» ММ-де мекен жайы: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 15, 1 қабат, мәжіліс залында өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін отырысқа байқаушылар және сарапшылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі- уәкілетті орган) қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушылар әңгімелесу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе электрондық көшірмесін, осы «Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе электрондық көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар, конкурс комиссиясының тарапынан жасалған заңсыз фактілерін анықтаған жағдайда Алматы қаласы Сейфуллин даңғылы, 555 мекен жайында орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментіне 8 (727)254-90-26, 8 (727)254-90-20 байланыс телефондары арқылы жүгінуге құқылы.

2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш қоса тіркелген.

«Б» корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуға конкурс өткізу
қағидаларының 2-қосымшасы

(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

_____ бос мемлекеттік
әкімшілік лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу
қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме
аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекен жайы және байланыс телефоны _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«__» _____ 20__ ж.